

Сейдахмет Бердіқұл

Л 2007

3314к

Спорт саңлақтары



Мұғалым



Спорт саңлақтары

Сейдахмет БЕРДІҚҰЛ

Мұйғзын

(Хикаят)

«Ер-Дәулет»
Астана – 2006

49 (574)

ББК 75

Б 45

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Бердікүл Сейдахмет.

Б 45 **Тұйғын. Хикаят** – Астана: Ер-Дәулет, 2006.

–224 бет +16 бет жапсырма.

ISBN 9965-436-27-4

Белгілі жазушы Сейдахмет Бердікүлдың «Тұйғын» атты хикаясы мен даңқты спортшылар жайлы әңгімелерін бір кітаптың бауырына жинақтап, қайталап жарыққа шығаруды жөн көрдік. Қаламгердің спорт тақырыбындағы көркем туындыларын қалың қауымның құмарта оқитынына еш шүбәміз жоқ. Кітаптың оқиғалары тартымды, тілі шұрайлы.

С $\frac{4201000000}{00 (05)-06}$

ББК 75

ISBN 9965-436-27-4

© Бердікүл С., 2006
© «Ер-Дәулет», 2006



I ТАРАУ

ҚАНАТ

Кітапқа кіріспе

Битке өкпелеп тонымды отқа жаққалы жүрген бір кез еді. Ширек ғасырдан астам бір пұшпағын илеген спорт деген қызыл көзді желкенің шұқырымен ғана көруге белді бекем буғамын. Себебі дейсіз бе? Себебі бар ғой...

Біреуін ғана айтайын.

Ауыл жақын болған соң апта құрғатпай барып тұрамыз ғой. Соның өзінде бір қанар болмаса да, бір дорбаны шымшып буатын әңгіме жиналып қалады.

– Айтуға асығып, тарс жарылғалы жүргенде, келе қалғаның мұндай жақсы болар ма, бала, – деп қарсы алды менің ұғымымда баяғының от ауыз, орақ тілділерінен кейінгі әңгіменің майын тамызатындардың тізіміне еркін енетін өз жеңгем.

– Иә, тәте, құлағым сізде. Шай ішкен соң бастаймыз ба әлде дәп қазір кірісесіз бе?

– Шайға қарар жайым жоқ. Тұп-тура осы верандада тұрып айтамын.

Екеуміз екі шоқима орындық алдық та отырдық.

– Әлгі Қаудыр қайнаға мен Көктепең шешек, өсіріп айтсам, тұп-тура шекелесіпті, дұрысына көшсем, түйгілесіп қалыпты.

– Ұялас ит қой, жараларын жалап жарасады. Сол да сөз болып па?

– Сенің осың енді...Тында, қызығы бар. Неге төбелесіпті, деп сұрамайсың ба?

– Сұралық.

– Тұп-тура сен үшін.

– Менің қандай қатысым бар олардың жұдырық-тасқанында?

– Бар болғанда жай ғана емес, терең. Бізді аттан аударып, өсекті еркектер алғалы қашан. Басқа елді білмеймін, біздің ауыл солай. Мен төтесінен кетейін. «Сол баланы («бала» жеңгемнің маған қойған аты) қойшы, жазатындары шайтан арба мінген...» – деп керіледі Көктепең шешек. Қаудыр қайнаға ашуланса сыздана қалатынын білесің ғой. «Жөн, ол итті қойдык. Әнуар, Сұлтанғали, Оспанхан, ауылда жамбастап жазып жатқан Мұхамеджанымыз бар. Олардан қалмайтын Базартай бір төбе», – деп ежірейе қалады. Әлгі шешектің қоя салатын-ақ жөні бар ғой. Тыныш отырмай: «Оспанхан да көди-сөдиден басқа түк жазбайды», – деп нығыздала түседі.

– Әй, доңыз! Шекелерінен шеруен аттырып соғыс келсе, мінгендері есек деген тұлпар болса, «Жигули» мен «Волганы» қайдан тапсын. Қайта адам боп атымызды шығарып жүргендерін айтсаңшы!

Қайнаға тұра ұмтылады. Ар жағын сонда қатынасқан бес адамнан естідім. Бесеуінің айтысы бес түрлі. Сөздің қысқасы, сыпайыламай, бипаздамай айтқанда, шекелескендері айдан-анық. Кәне, әңгімең қызық емес деші...

Қызық та шығар. Ол кісіге ауылдағы Көктепең ғана болса селкілдеп күлгеннен басқа не бар, әдебиеттің ауылында да Көктепеңнің пікірлестері табылып тұрады дегенді қалай айтайын. Шағымға құлқым баста жоқ бейбақпын...

Республиканың спорт комитеті қоғамдық шаруаларменатбасынбұрыптұратынмекемелерімнің бірі. Спорт журналистерінің көңіліне қаяу салған бір түйткілдің күрмеуін шешіп, шығып бара жатқанымда, қабылдау бөлмесіндегі қарындас:

– Сейдахмет ағай, сізді бастық бір минутке кідіруіңізді өтінеді, – деп кең коридорды жанғыртады. Бастықтың өтініші рас шығар, ал қыздың даусынан ол биязылықтың ауылы төбе көрсетіп тұрған жоқ. Жанаса өтіп бара жатқан бозбала маған тесірейе қарады. Бұл жұрт қызық, өзі теңдес қызға қарамай, маған ежірейгені несі, ей. Бір қағазға қол қоюым қажет екен. Кідірмей қайта шықтым. Бала жастан бауыр басқан, қай жерге барсаң да көңіліңе себезгілеп сәуле себер көріністер, кездесулер болып тұрады. Кеңсе екеш, кеңсенің өзі де солай. Келген сайын спорттың көгінде ойқастаған небір саңлақ замандастарыңды ұшыратып, бір жасап қаласың. Бағзы бір күндерде жел жүйрік пе, әлде Володя жүйрік пе деп бас шайқатып, ішек тартқызатын Владимир Шейдинмен қауышып, — Қазақстан спорттың қияндағы Мельбурн Олимпиадасына алып барған Евгений Кадыкинмен шүйіркелесіп мәре-сәре болып тұрғанда, туған інімдей Тимур Сегізбаев қосылды. Өткен күндер айтылмай-ақ еске оралып, бүгінгі спорттың қадау-қадау мәселелері қозғалып, қиыспай қоштасып, есікті бетке алғамыз. Әлгі тесірейген көз бір қиығын тастап қапталдай түсіп, жедел басып алдыға озды. Әңгіме қызығында айналсоқтап жүргенін байқағандаймын, бәлкі, жай ойым ғана шығар.

Бағана таң алдында ғана толастаған ұлпа қар күн көзінен нұр алып, жарқылымен, пәктігімен адамды арбап тұр екен. Машинаға шейін шығарып салған Тимурмен қоштаса бергенімде, түкпір тұста барлай қарап тұрған баяғы бозбалаға көзім түссін.

– Қарағым, менде бір шаруаң жоқ па?

– Шаруам жоқ, – деді де екі секіріп қасымызға келіп сәлем берді. – Осы сіз Бердіқұлов ағайсыз ғой.

– Иә, інім.

– Танымаушы ма ең, Қанат, – деп Тимур екеуімізге кезек қарады. – Дүниені дүрілдетіп тұрған Қанат Байшолақов осы, Сәке.

– Менен қашып жүрген Байшолақов сен екенсін ғой.

– Қашып емес, қорқып.

– Соқ, өтірікті, жер әлемдегі жүрегінде арғымақ жалдың қылшығындай түгі бар талайдың ес-пұсын алған чемпионның қорқақтығына сене қояйын опонай.

– Өкшеңізді басып келе жатқан, баяғыдан сырлас менің өзім біржола батыл боп алдым демеймін, Сәке. Физкультура институтында ұстаздарының біріне Сіз жайлы не айтқанын естіп пе едіңіз?

– Ести қоймасам керек. (Естігенім рас еді. Содан кейін іздегенім де анық. Әйтеуір, Қанат таптырмай кеткен).

– Бұл батыр «сені адам еткен өзім» деп өзеуреп қоймаған жақсы ұстаздарының біріне...

– Тимур ағай, өтінемін, қойыңызшы, – деп аузын зорлап басқандай болды құлағының ұшына шейін қызарған палуан.

– Сөздің қысқасы, сенің бас бапкерің, біздің ағамыз Сейдахмет түп-тура осы кісі.

Сасқанда мен сасайын енді.

– Қанат карағым, келші. Несіп Жүнісбаев деген жас жігітпен жазған бір кітабым бар Олимпиада туралы. Соны алып кет.

– Қайда, алдыңғы жылы шығысымен сатып алғамын, аға!

– Онда жәй әңгімелесейік.

– Рахмет, аға, командамыздағы балаларда кітаптарыңыз бар. Соларды жинап барып, қолтаңба алсам, ренжімейсіз ғой.

– Кел айналайын!

Дүние түгел аппақ, дүние түгел тұнық. Біздің ауылдың, не өз аулының қойының иі қанып, теріден жібекке айналған, жаңа жауған қардай ұлпа югослав тонын сипалай беремін. Бит пен сіркені қайдан білсін бұл тон. Машина арынды, көңіл одан да арынды, ала қашады Алатаудың биігі мен ойына. Діттегені тағы бір кітап...

ЕРТЕҢНЕН САЛСА, КЕШКЕ ОЗҒАН

Соғыстан кейінгі, соғыс кезіндегі ауыл кен дүниенің де, ауыл арасының да әңгімесін бір-ақ жанрда естиді. Ата-бабадан мирас – фольклор. Колхоз кеңсесінің қақ маңдайындағы сырықтағы талпақ танау, тырна өңеш, қалқан құлақ репродуктордан естуге ел аса үйренбеген Шыныбай атадан басқа кеңсе күзеткен кім бар?! Бүгінгідей қу тіршілік деп емес, Отан қамы деп «ауыздықты қаршылдатқан», орта құрсақ, ал көңілі Алатаудың басындағы ақ бұлттармен тайталас таудан, тастан қайтпайтын қайсар халық, қылаяғы фашиске бір қол, бір аяқты беріп келген ағалар да қырда, қырманда.

Рас, біздің ауылда да радиосыз ертеңгі асын ішпейтіндердің ұрығы ол кезде де себіліп қалған. Қазір радио, магнитофон қоржындарын асынып жүретіндер, теледидардың бір хабарын қаза қылмайтындар солардың баласы, немересі көрінеді де тұрады. Олар – бес мезгіл Москва мен Алматыны тындайтын почташы Зина Панченко, көп жұрт түс болғанын үйінің іргесіндегі шеберханасынан бойы сорайып, жұртта жоқ «Беломор каналды» будақтата тартып шыға келгенінен білетін Арно Бальмонт (бәйбішесі тетя Поля үйдің бір шаруасына қол ұшын бере ғой деп жүгіріп бара қалса: «имансыз, жұмыс уақытында жүрейін сенің жеке шаруанды істеп» деп жекитінін жұрт біледі), госпитальдан соң аз уақытқа тыным алуға елге келген Ниязбек аға. Қашан да тізесінде бір бума газет жататын.

Қаршадайынан Қаракемер барып оқып, ветсанитар болған тетелес аға Есекең. Есболат солардан естігенін кеңсенің алдындағы қалқан құлақтан да тез таратады. Бағзы замандардан бергі бозтөбенің басында ауыл ақсақалдары айтатын желіні үзбей, сол мақаммен әсерлеп, әрлеп, әдейі ұмытқың келсе де естен шықпайтындай етіп жеткізеді. Бүгінде сан мың әңгімеден, сан мың жаңалықтан құлақ тұнады. Сананда сақталары бірлі-жарым. Кейде кәнігі редакторлығым жетелеп: «Шіркін, газеттегі жастар оқитын ресми материалдарды ауыз әдебиетінің стиліне салса» деп қаламын да, есіме ол жастардың әже ертегісімен, бесік жырымен өспегені түсе қояды да, райдан қайтамын.

Қазіргі айтылғалы отырған әңгіменің де, бала жаста естіген баска хикаялардың да қай тұсы анық, қай тұсы қиял боп келетініне кепілдік бере алмаймын. Ал, түгелдей алғанда айна қатесіз шын екендігіне қашан да, қанша болса да бәсім бар. Мәңгілікке кепілмін.

* * *

Өрістен қайтқан малды күткендердің бас-аяғы түгел. Кешігіп жеткен жалғыз мен бұл жолғы. Есағаң есіп отыр.

– Бүгінгі мировой әңгіме, – деп Жасұлан бас бармағын шошайтып, сыбырлап үлгерді... – Қалың қопаны жиектеп келе жатқаны естерінде ғой. Кәстекбай сызып берген картада жолда ұшырасатын ми батпақ, қарағай орман, өткел бермес өзен, тандай жібітер тамшы су табылмайтын Кербаланың шөлі, баска да толып жатқан пәлелер болмайды. Тек елді мекен, аса қажет обалар, бір сөзбен, адастырмайтын белгілер ғана сызылады.

– Ой, кулар-ай... – Өздерін білесіңдер ғой, түнгі жортуылдардан саржалақ Кәстекбай аттың үстінде

тұрып-ақ қауын-қарбыздың піскенін бұлжытпай танытын еді ғой. Итіңнің көзі өткір. Әдейі шаншып қойған ба, ол арасын кім білсін, қорыс екенін білмей күмп берсін деп шашақты шырша, ақ балтыр қайың, емен өсіріп алдаусыратады ғой. Аспаннан аңдып жүрген самолеттегілер бір қателесері осы тұс санап, төне көз тігеді. Кәстекбайың Қызылауызбен қой айдағандай аттың тұяғына тас тигізбейді ғой. Танымаған, көрмеген орыс жерінде де дәл солай. Арғымағының аяғына балшық жұқтырмай сар желіспен келеді.

– Әй, шапса ғой, құйғытып... – Шыдамсыз дауыс килікті.

– Ей, мынаның әуселесін қарандар. Мен саған айтайын, біліп қой, рас, Кәстекбайға уақыт алтын. баланың миындай былқылдақпен шауып жарытасың ба?! Арғымақтың өкпесі өшеді.

– Рас-ау...

– Сөзін бөлмесендерші, шуылдақтар.

– Әлгі қорысың қырық шақырым екен. Біздің ба-тыр тексеру пунктіне келгенде... айтса да, бір тәулік жолдың әр тұсында тексеру пункті, тамақ пункті бар. Тамақ пунктіне тоқтау-тоқтамау Кәстекбайдың өз еркінде. Аттан түсіп, аяқ суытып, қою шай ішемін десе де ешкім ұрыспайды. Тек уақытты жояды.

– Ой, Кәстекбай сөгкесіне нәр сызбауға шыдайды. Былтыр Саршыбырда шөп шапқанда көрдік қой.

Мұны айтқан өтірікке баспайтын Башар.

– Тындайсыңдар ма жоқ па?! Ерігіп отырған мен жоқ. Ертең сиыр ферманың қыз-қырқындарын жинап ап, айтсам да құмардан шығамын.

Есағаң бұртандап қалды. Айтқаны рас, мұндай әңгімені тындамайтын құлақ кәне. Алда отырғандар қыста қалың қарды кеңірдектеп қырғауыл басқандай құлады үстіне.

– Еліңнің ері туралы тындасандар да, тындамасандар да ерік өздерінде, – деп Есағаң онсыз да бағасы жерге түспей тұрған қадірін нығыздап алып, өзі айтқандай құмардан шығуға құлаштап кірісті.

– Сонымен, тексеру пунктіне келгенде, тышқан жорғалағанды тап басатын кәнігі қазылар, атыңнан айналайын. Тектумас арғымақтың сауырына қарайды, шашасын әлгі менің кабинетімдегі микроскоптай микроскоптарын шүйілте қарасын келіп. Үзеңгілікке шейін балшыққа малмандай деп ойлаған ғой.

(Менің кабинетім... Микроскоп... Әй, Есболат бауырым-ай, осың болмаса жеңгелерің «сужорға» деп ат қоймас еді ғой. Кабинет дегені сиыр ферманың түбіндегі Қызылқалидың мұжық қыс қорасы. Микроскоптың қаңқасы – ұстағаны болмаса ол аспапқа мың қайнаса сорпасы қосылмайтын тастанды бір дүниелік. Жыным қозып отыр. Амал қанша әңгіме қызық.)

«Аспанмен ұшқансың ба, жарқыным», – деп жатқандары бар. Біздің Кәстекбай сөзіңді не қылсын. Босатысымен қырғыз өрімді сауырға желпи сілтеп, «Қарасайлап» ұшырта береді.

– Сөреге жақындағанда Қарасайды солқылдатып беретін бұл батырың. Сонда қапталда жұлдызша ағып өткенін ғана байқаушы едік. Сөре жақын екен ғой... Айтса да басқа азбандар қайда? Жалғыз ба Кәстек?! – деп шабандоз Ешахан орнынан атып тұра жаздады.

– Әй, құрдас бұл неудтан басқа алмайтын физика емес саған. Құлақпен, кәлламен тыңда. Қайдан жалғыз болсын. Он алты одақ түгел демедім бе баста. Бұл біз білмейтін, Америкадан келген жарыс. Аттар бір-бірлеп, араға уақыт сап жіберіліп отыр ғой. Сен, Найманбай даласына іліккен соң жел жаққа шығып, басқаларға төрт тұяқтан шаң борататынына баспақсың ғой. Саржалақтың да әккі әдісі қорамсақта. Дымын құртқан құлаққа ұрған танадай дүрсілсіз тыныштық,

жалғыз жорту. Тектумас жазыққа шыққанда құлақты қайшылап-қайшылап жіберіп парлады-ай десеңші. Тағалы төрт тұяқ жерге бір тиіп, бір тимейді.

– Тектумастың артқы екі аяғын тағалатпайтын Кәстекбай, – деп класта да жосықсыз жерде сөз бұзатын Жасұлан килікті. Есболат аршын кеудесін керіп, тәуетше тікірейді. Әдетте иі жұмсақ Есаған бір қырсықпасын да, қырсықса судын қақ ортасында сілейіп тұрып алып, дымынды құртатын Мақаштың есегіндей қикар.

– Сөзін қайтесің бұл бәкененің, – деген Құрпанның ызбарынан кейін Есаған жөніне келді.

– Мінеки, әңгімені бұзады да қояды. Қарағым международныйдағы нояндар Кәстекбайдың айтқанымен жүріп, айдауына түспейді. Оларға Елгезеровтың өзі шипуха. Тағала деді төрт тұяқты да, сөз бітті. Жұлдыздай ағып келе жатқан Тектумас іркіле береді. Қараса алды ит тұмсығы баспайтын қара орман. Кәстекбай оған да тәуекел. Ұйқыдай итмұрынның, сай-саладағы тікенектің ішінен таспадай сокпақ салып алатын аңшы ағаларынан ауызданған қу аса саса қоймады. Қуырдақтың көкесі орман аралағанда шығады. Кісінің білегіндей ұйысқан шырмауық. Серпу де, секіру де мұң. Аяқты пружинадай серпе тастамаған соң, Тектумастың қай мазасы бар. Кәстектің жан алқымға келіп, ердің қасын қолмен тоқпақтап, намыстан жарылған жері де осы. Бет-аузын дамылсыз сабалаған бұтақ бұйым боп тұрған жоқ. Шідерлеулі Тектумастың халіне өкпе-бауыр езіледі. Амал нешік?! Күн ұясына еңкейгенде, тасқамал орманнан қайта жазыққа ілінеді.

– Түнде де жарыса бере ме бұлар?

Бұл сұраққа ветсанитар ағамыз аса ашулана қоймады. Сұрақ иесі көлденең килігуді білмейтін қойдан жуас Қасымбай, әрі құдайы көршісі.

– Басында айтқам жоқ па, бұл өзі ел істемеген, бәлкі, біз естімеген жарыс. Бір тәулік түгел жарыс. Анау жырық ерін де бірдеме сұрамақ. Білдім сұрағыңды. Кімнің озғанын қайдан біледі демексің ғой, үстіннен түстім бе?! Иә, майдан торта айырғандай біледі. Сағат, бауырым, сағат, уақыт шешеді. Бәрінің қарақшыдан кеткен уақыты тізулі. Аспанда айналған самолетте де, орта жолдағы бекеттерде де сартылдаған сағат. Қойшы, сонымен ол жақтағы күннің батқаны да ерсі. Көкжиекте тұрады екен де, мезетінде лып жоқ болады. Біздің күн Суықтөбені сипап өтіп, Қордайдың бұжырларына барып, алтын кірпіктерін жалпылдатып, түнге әзірленіңдер деп тұрып алмаушы ма еді?! Көз сүрінер белгі жоқ жиекте тұрған күн енді қарасаң зым-зия. Іңір қараңғысы да болмайтын көрінеді. Тастай түн басады...

Қаптаған сиыр Есболаттың аузына аңырған бізді баса жаздап, тапыр-тұпыр өтіп жатыр. «Атаң мен апаннан таяқ жейсіңдер ғой, жүгірмектер, әңгімеде басың қалса да, тұрындар!» дегені болса керек, кейбіреулері тақап келіп жапа тастап кетіп те басынады. Тұрмасқа амал жоқ.

– Жалғасын Әбдібай атанның жидесінің түбінде тыңдалық.

...Өрістен қайтқан сиырынан гөрі бәйтерек басына алақтай беретін Уәлихан да бүгін басқа. Қырғи ұстайтын құмарпаз жылдың бұл мезгілі түнді үздіге күтеді. Қас қарая тау бөктерінен, далалықтан жорықтан оралған қаршыға, қырғидың түнемел ағашы қай тұста екенін көзбен белгілеп алады. Байқаймын, бүгінгі зейіні бітпей қалған әңгіменің соңында. Мал жайғап, темекіден төрт тағандап жететін апамның кешкі шайын әзірлеуге уақыт таппай танаурайтын мен мұнарға ел орынға отыруға жету Айға сапар шегудей алыс.

– Қалып қоймалық.

Бұл сөз екеуміздің аузымыздан бірге шықты.

1985 жылы «Физкультура и спорт» баспасынан жарық көрген «СССР спорты» атты екі томдықта «Шабандоз Кәстекбай Рахметжанов 1953 жылы тәуліктік жарыста 311,6 км жүріп өтіп, әлемдік рекорд жасады. Содан бері жер шарының әр тұсында бұл рекордты жаңартуға неше дүркін талап болды. Соның бірінде 1982 жылы Австралия шабандозы Грэй Дальберг араға 29 жыл салып, бұл көрсеткішті 2,5 шақырымға жаңартты. Кәстекбай Рахметжанов ат спортымен айналысқан қазақ жастары арасындағы тұңғыш СССР спорт мастері» деген бір-ақ ауыз сөз бар. Өзімізден екі класс бұрын оқыған Кәстекбайдың өзінен де егжей-тегжейін сұрамаппын кезінде. Ат спортының асқан маманы, жанашыры, қазақ спорты пионерлерінің бірі Мұзафар Рахманқұловтан анау бір жылдары сұрағанымда «Ой, ол бір сұрапыл шабыс болды ғой. Кейін кең отырып айтпасам, жау-шаламда қадірі кетеді», – дегені бар.

Қазір ойлаймын; түбегейлеп сұрамағаным қандай рақат болған. Арғы дүниеге ерте аттанған Есағаннан артық кім айтсын оны. Басқаша айтқанның керегі қанша маған?!

БАСТАУ БАРЫН МҰХИТ ТА БІЛЕДІ

Шоқыр Бөлтекұлы. Бұл есімді бірлі-жарым білмейтіндер болса кешірім өтінемін. 30-70-ші жылдар арасында оны танымаған, оған таңданбаған бірде-бір жанкүйер болған емес.

Октябрьмен түйдей жасты, көптен білетін, мінезі шөлкем-шалыс, сырласа қалсаң, әр жайды кәнігі қармақшыдай бір-бірлеп тартпасаң құр алақан қалдыратын Шоқаңның алдына тағы келдім. Мүшел тойы өтіп жатқан күндегі бір ауыз лебізін естиін деп келдім. Бүкіл беті жиырылып бауырсақ мұрынның маңына жиналып, басы шалқайып күліп қоятыны бар. Сөйтті.

– Ал каламы жорға, бауырым. Жаз. Шоқыр Бөлтекұлының жеке басының жалғыз пункттен тұратын жоспары бар еді. Елу жыл тепендесе де орындай алмай кетіп барады. Халқыма құртақандай көмек етсем деп едім. Өткен жолыма қараймын, қарын ашады, – Шоқаң тісіне шақырлатып тас басып алғандай дүр сілкініп қойды. – Әй ағайын, ештеме айтпаймын. Құдай біледі, айтатын түгім жоқ. Мені аспаннан бүгін ғана салбырап түсе қалды дейсің бе? Және өзін де мені кешелі-бүгін көріп жүрген жоқсың. Білгенің, түйгенің болса айт. Басқа жауабым – ыңқы-тыңқы...

* * *

– Ендеше, Шоқа, тында. Мен айтайын. Өзінді Алматы біледі. Бір де. Қазақстан біледі. Одақ біледі.

Бопты дейсіз, ә! Атың паспорт толтырып жұртты әуре етпей еліміздің шекарасынан алысқа да кетіп қалыпты. Өй, өтірігіңе береке берсін дейсіз бе?! Тыңдаңыз. Мен айтайын.

Ол күндерде бар жұрттың аузында Пеле, Гарринча, сәл төмендесе Эйсебио, Торрес, Яшин, Чарльтон, Факкети, Бене жүрген. Бір пәс әлемдегі баска жарық жұлдыздар түгел үрке көшіп кеткендей кез болатын. Англияда футболдан әлемдік дода жүріп жатқан шақ. Сонау алыс Альбион елінде құлағыма өзіңіздің есіміңіз саңқ ете қалғанда еріксіз селт еттім. Қуанышта осындай да бір мінез бар болса керек.

– Көп ел аралаймыз. Алайда сіздің елдің кең жазирасын көрудің орайы келмей жүр. Бірақ қазынаға бай Қазақстанды білмейді екен деменіз. Тіпті ол топырақта бірлі-жарым дос-жар адамдарым да бар. Шоқыр Бөлтекұлын білетін боларсыз.

Мен оқыс жалт бұрылсам керек. Кең иықты, табиғаттан тұлғаны қомағайлықпен тартып алған кісі, бокс дүниесі есімін жатқа білетін Феликс Штамм езу тартты.

– Жігітім, кешір. Еліңізде оны білмейтін жан болмаса керек. Білемін... Түсінемін... Бокс қолғабын Қазақстанға бірінші арқалап барған адамды «білесің бе» деген менікі де бір анекдот.

Осылай, Шоқа. Елі үшін, жері үшін, кейінгі ұрпаққа мақтан боларлық сөз айту үшін жасыл алаңда білек сыбанып тастап, көзді шарт жұмып Англия мен Португалия айқасып жатқанда, «Уэмблидің» трибунасында сіздің атыңызды осылай естідім. Анау-мынау емес, ұстаздық шеберлігіне бокс әлемі бас иген Польшаның жетекші тренерінің аузынан естідім.

Жалпы, мен сіздің есіміңізді сонау жадуал жаттай алмай жүрген кезімнен бері білемін. Біз Алатаудың қолтығына тығыла қонған шағын ауылда тұратын едік. Телевизор болмайтын. Үлкен ағаларымыз тау

өзенін жаңа ауыздықтап, жоғары вольтті жүйелерді жаңа тартып жатқан. Қарысып қару ұстаған қолдар ет жақын еңбекке енді ғана еңсере кіріскен. Колхоз кеңсесінің алдындағы құлағы қалқиған репродукторды балалар тұрмақ, үлкендердің өзі де ұдайы тыңдай бермейтін. Газет те аз оқылатын. Сонда да сіздің есіміңіз біздің ауылға жетті. Арамыздан бір білгіш шығатын да ойдағы, қырдағы әңгімені соғатын. Әңгімесінің өтірігі қай жерде бітіп, шыны қайдан басталатындығын оның өзі де айта алмайтын еді. «Бокс дейтін бар екен. Оның тілін білгендер жауыңның жүзі келсе де жамсатып салады... Оларды үйрететін Бөлтекұлы дейтін біреу бар екен...» «Қазақ па екен өзі...» «Өздерің де миғұла екенсіңдер. Қайдан қазақ болсын... Аты-жөні бөлек емес пе. Қолының қырымен бір персе, басың қиылып түседі... Осылай, біліп қойындар!» Біз әлгінің аузына қарай өңмендей түсетінбіз. Одан әрі жарытып айтар түгі жоқ. Сөйтсе де ол бізге Бөлтекұлының дәл қасынан келгендей болады да тұрады.

Арада бір-екі жыл өтіп, ауылымызда аңызға айналған адамды көзбен көруге тура келді. Сізді мен алыстан «Динамо» стадионының ат бойы биік қақпасының саңлауынан қарап көрдім. Сіз алдыңызға келгенді қолдың қырымен қағып, бастарын домалатып жатқан жоқ екенсіз. Арқан тартылған төрт бұрышты рингтің бір бұрышында қаршығадай қомданып отырған қол тоқпақтай ғана кісіні «әне, анау... соның өзі...» деп топ бала нұсқаумен болды. Менің балалық көңілім құлазып қалғандай. Төбелескенде ту сыртынан қарап отыру кімнің қолынан келмейді. Мынау өзіміз көңіліміз жақын біреу төбелесіп жатса, қолымыз қышып қарап отырмаймыз. Кірісіп кетеміз. Ал жеркөкке сыйғызбаған батырымыз, төбелесіп жатқанда біреу бұрыштағы орындықта отырғанда, қолдарымен ауаны түймештеп, бірдемелерді үйреткен болады.

Үйреткіш болса ортаға өзі шығып, қарсы жақтағыны сұлатып түсірмей ме?!

Менің балалық ойым осылай үкім айтады. Бұлқынады, ренжиді. Бокстың шеберіне бапкердің ауадай керек екендігінде менің шаруам не. Шоқыр Бөлтекұлының Қазақстан боксшыларының тұңғыш бапкері екендігінде жұмысым қанша. Мен естіген радиодан мына бір сөзге не дей қойды дейсіз. – Бүгін бокстан Қазақстан құрама командасының толық құрамы анықталды. Біздің тұңғыш қарлығаштарымыз Отанымыздың жүрегі Москваға тұңғыш емтиханға аттанады. Оларды Бүкілодақтық жарыс күтіп тұр. Жарысқа команданы республикамыздың тұңғыш боксшысы, республикамыздың тұңғыш тренері Шоқыр Бөлтекұлы бастап барады...

Стадион қак айырылып кетердей болып қол соғады. «Неге соғады жұрт осынша. Москваға бір топ адамды бастап бару да бұйым болып па» деймін ішімнен. Ол – 1947 жыл еді. Кейін мен Сізді трибунадан отырып көретін едім. Бергін келе газет жұмысымен сыпайы ғана сөйлесіп жүрдік. Жақындаса келе сырласатын болдық.

Шоқа, әдебиетке бір табан жақын жанмын деп кеудемізге нан пісіп жүрген анау бір кезде, сіз мені бір рет ондыртпай нокаутқа жықтыңыз. Рингте бокстың небір әдемі өрнегін жасаған Мақсұттың үйінде кең отырып ашыла әңгімелескеніміз есіңізде шығар. Мақсұт екеуміз Ремарк пе, әлде Саморсет Мозм бе, әйтеуір, сол екеуінің біреуі туралы айтып қоймадық. Сонда Шоқаң орнынан лып етіп тұрып кетті де, есік пен төрдің арасында арлы-берлі теңселіп жүрді де қойды. Бір кезде:

Қалмақтан шыққан батырдың

Ең кенжесі мен деді.

Қазақтан шыққан батырдың

Екіншісі сен деді.

Кезегімді бер деді,
Қайратымды көр деді.
Аттың басын бұрады,
Кезегінді ал деді,
Қасқайып қарап тұрады.

Бізге ту сыртын беріп зулата жөнелді. Оқыс бұрылды да, «бұл кім туралы хисса» демесі бар ма?! Екеумізде екі елі төмендеп қалдық. Шалқая тастап айта жөнелді:

Нәсілсіз туған Қараман
Қолындағы қамшымен
Тас төбеден салады.
Батыр туған Ер Қосай
Бит шаққандай көрмеді,
Ұрғанына шыдады,
Болмайтын оған болған соң,
Қорамсаққа қол салды,
Қозы жауырын оқ алды,
Шошынып кетіп Ер Қосай,
Астындағы Сары аттың
Үстінде тұрып толғады.
– Атамнан қалған жануар,
Бабамнан қалған жануар,
Мына келген бәлеге
Не қылғандай ойың бар?

Шоқаң кілт үзді де, мырс-мырс күлді. Мен табан астында шалқамнан түсіп қала жаздадым. Мақсұт мүлде аузын ашып қалды. Елден ерте оқу қуып кеткен адамның мына қылығына қарап, өзімнің екі ауыз жырды жатқа білмейтіндігім еске түсті. Шоқаңның баста қуған өнері суретшілік екені де сол сапар белгілі болды. 1934 жылы Бакудің көркемсурет училищесін бітіріп, институтын тауысуға Киевке барады. Қазақ жұртына бұрын беймәлім бокс өнерімен де сонда табысады. Соғыстан қайтып оралғаннан кейін,

мына, бертінде Шоқанның «Қазақфильмде» суретші болғанын көп жұрт біле бермейді.

Бертінгі буын, біз Бөлтекұлының екі жүз дүркін рингке шығып, оның жүз сексен бесінде қарсы жақтың тізесін бүктіргенін көзіміз көрген жоқ. Оның есесіне, біз қандай бапкер, қандай төреші болғанын көрдік. Тұлпар тұяқ дүбірін естігенде, тықыршып тұра алмайды. Шоқан рингте айқас жүріп жатқанда, жайбарақат отыра алмайды. Егер ол алдына келген шәкірттің жұдырығынан басқа түгі жоқ болса, келген жолымен кері қайтады. Ал төреші Шоқаң бокстың өнер екенін ұмытып, қолды оңды-солды сілтей бастаған сабаздарды саңқ етіп тыйып тастайды.

Кейде ол Шостаковичтің қаһармандық симфониясында дирижерлік еткен Мравинский секілді елтіп отырады. Сонда мен суретшілікті бокс өнеріне бодау қып берген адамға іштей рақметімді айтамын. Бұл менің ғана рақметім еместігіне де сенімім мол.

СҮЙІНШІ!

Сүйіктім, андағыңыз бос әурешілік. Қадала, ақтарып ізденгендеріңіздің жөн-жобасын білемін. Көңіліңізге келмесін, бәлки, келесі бір бесжылдықтарда табарсыз. Әзірге жоқ, турасын айтсам ноль.

Жас журналист қағаздан басын көтерген жоқ. Бұл аяр келекенің де авторын жазбай танып тұр. Спартакиаданың жеңіл атлетика жарыстарының секретариаты орналасқан құрқылтайдың ұясындай бөлмесінде дамылсыз кіріп-шыққан құжынаған халық. Әйтсе де өзінің неге жарысқа қатысушылардың тізіміне шұқшиғанына зер салған, зер салған деп сыпайыламағанда әккі жансыздай бақылаған басқа адам болса, талағы тарс кетер ме еді қайтер еді? Бекзада дауысқа салып сұңқылдағаны жаққа тартып-тартып жібергеннен де ащы. Астанадағы жасөспірімдер жеңіл атлетикасының бас бапкері, желаяқтар тәрбиелейтін негізгі мамандарымыздың бірегейі.

Таңмен таласа тұрып, бүгінгі жарысқа ерекше елегізіген, Талғар шыңының түйетайлы етек тұсынан көтерілген күнді «Спартак» стадионына ерте жортқан жолда қарсы алды. Құйма алтындай ұясынан көтерілген дүниенің ұлы жарықшамының бетінде жұқалтаң ақ бу бар. Жағаға жармасқан ыстық бола қоймас. Спартакиаданың көп түрінен бүгін жартылай финал. Сол жарыстың біріне өзі түсетіндей қуанғаны несі. Қалам ұстаған адамға күннің қоңыр салқыны да, шыжып тұрғаны да бір есеп. Алматының тал-